

## Ақпараттық қызмет көрсету Қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің 2000 жылғы 29 қаңтардағы N 6 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 2 қаңтарда N 1035 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007 жылғы 24 тамыздағы N 239 Бұйрығымен

*Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007.08.24. N 239 Бұйрығымен.*

Ақпараттық қызметін көрсетуді реттеу және жетілдіру мақсатында  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Ақпараттық қызмет көрсету Қағидасы бекітілсін.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен .*

2. Қазақстан республикасы Әділет Министрінің 1997 жылғы 20 маусымдағы бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің жылжымайтын мүлік жөніндегі Орталықтарымен және филиалдарымен ақпараттық қызмет көрсету туралы Ережесі күшін жоғалтты деп танылсын.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ә д і л е т м и н и с т р і н і ң  
2 0 0 0 ж ы л ғ ы 2 9 қаңтардағы N 6  
бұйрығымен бекітілген

**А қ п а р а т т ы қ қ ы з м е т к ө р с е т у**

### **ҚАҒИДАСЫ**

*Ескерту: Қағиданың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен .*

#### **1. Жалпы ережелер**

1. Ақпараттық қызмет көрсету қағидасы (кейін қағида) "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 25 желтоқсандағы Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар, 1995 жылғы 25 желтоқсандағы N 2727 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 ақпандағы N 236 қаулысына сәйкес әзірленді.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен .*

2. Осы Қағидамен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі аумақтық органдарымен (кейін тіркеуші органдар) жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы тәртібі, негізгі шарты және ақпараттық қызмет көрсету түрлері белгіленеді.

*Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен .*

3. Жүргізілген тіркеу және тіркелген жылжымайтын мүлікке құқықтар туралы деректер мемлекеттік ақпараттар ресурстары болып табылады және заңдарға сәйкес оны алуға мүдделі пайдаланушыға беріледі.

4. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы ақпаратты ұсыну тегін негізде жүзеге асырылады.

*Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 23 тамыздағы N 125 , 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен .*

5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қорғалатын мемлекеттік құпияларға, коммерциялық құпияларға және өзге де құпияларға қатысты мәліметтерден басқа, Құқықтық кадастрдің мәліметтері осы Ереженің 18-тармағында көзделген жағдайлардан басқа ретте, жалпы қол жетімді болып т а б ы л а д ы .

Тіркеуші орган прокуратура органдарының, құқық қорғау, сот және атқарушы органдардың сұрауы бойынша заңнамада көзделген олардың құзыретіне сәйкес тиісті мәлімет береді. Бұл ретте талап етуші орган сұрау салынған ақпаратты алудың қажеттілік негіздемесін дәлелдеуі және көрсетуі тиіс .

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2002 жылғы 23 тамыздағы N 125 , 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен .*

6. Мемлекеттік құпияларға жататын ақпараттарды беру Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Заңымен бекітілген нормаларын қатаң сақтай отырып жүзеге асырылады.

7. Жеке тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын және заңды тұлғаның атауын және реквизиттерін қоспағанда, азаматтар (дербес мәліметтер) мен басқада құқық иелері туралы ақпараттарды ашатын мәліметтер ақпараттық қызмет көрсету нысаны бола алмайды.

8. Тіркеу туралы ақпарат осы қағиданың 19 тармағымен бекітілген жағдайларды қоспағанда, тек қана нақты жылжымайтын мүліктің нысаны бойынша беріледі.

9. Тіркелген жылжымайтын мүлік құқықтары туралы заң мәніндегі бір ғана ақпарат көзі болып: құқықтық кадастрдегі мәлімет; тіркеу органынан берілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат сондай-ақ, құқық иесіндегі құқық белгілеуші және тіркеу жүргізілген туралы белгі қойылған тіркеу органынан берілген құжаттар болып табылады.

10. Заңға сәйкес жылжымайтын мүлікке құқықтары сондай-ақ олардың құқық иелері туралы ақпараттары бар тіркеу органы, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес берілетін ақпараттар нақтылығы үшін, қорғау, дайындау тәртібін, беру тәртібін бұзғаны және мұндай ақпараттарды пайдаланғаны үшін жауапты болады.

11. Тіркеу органдарының талабы бойынша тіркелген жылжымайтын мүлікке құқықтары және онымен жасалатын мәмілелері туралы алым және ақпараттар беру жөніндегі басқада органдардың және мекемелердің қызметтерінің заңсыздығы және оның тоқтатылуы сотпен белгіленуі мүмкін.

## **2. Ақпараттарды беру негіздері мен тәртіптері**

12. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы ақпараттарды беру, сұрау берілген орган, берілетін ақпараттар түрі, жылжымайтын мүлік түрі, тұрған жері, арыз берушінің мәліметтері (тегі, аты, әкесінің аты, төлқұжат деректері (жеке басын растайтын деректер) жеке тұлғаның тұрған жері, заңды тұлғаның атауы және реквизиттері) көрсетілген белгіленген үлгідегі жазбаша сұрау беру негізінде жүзеге асырылады.

Құқық қорғау, сот және атқарушы органдар құзырларына сәйкес сұрау берген жағдайларда және нормативтік-құқықтық актілермен көзделген басқада жағдайларда, сұрауда талап етілген ақпарат негізі сондай-ақ, сұралатын ақпараттардың пайдалану мақсаты көрсетіледі.

13. Тіркелген жылжымайтын мүлікке құқықтар және онымен мәмілелер жасау туралы ақпараттарды алу үшін сұраудан басқа, арызданушы тіркеу органына келесі құжаттарды тапсырады:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) заңдармен белгіленген жағдайларды өкілдіктің өкілеттігін куәландыратын құжат.
- 3) алынып тасталды.

*Ескерту: 13-тармақ өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен.*

14. Тіркеуші орган арызданушының сұрау салуы негізінде оған тіркелген жылжымайтын мүлікке құқықтар және онымен жасалатын мәмілелер туралы оның жазбаша сұрауы келіп түскен сәттен бастап, 2 жұмыс күні ішінде жазбаша түрде ақпараттар беруге міндетті.

*Ескерту: 14-тармақ жаңа редакцияда, өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 25 тамыздағы N 230 , 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 , 2007 жылғы 15 наурыздағы N 86 бұйрықтарымен.*

1 5 . < \* >

*Ескерту: 15-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен.*

1 5 - 1 . < \* >

*Ескерту: 15-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен.*

### **3. Ақпараттық қызмет көрсету түрлері**

16. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат:

1) алынып тасталды ;

2) алынып тасталды ;

3) жылжымайтын мүлікке құқықтары (ауыртпалықтары) және оның 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық сипаттамалары туралы анықтамасы ;

4) тіркеуші орган растаған тіркеу ісі құжаттарының, оның ішінде жылжымайтын мүлік объектісі жоспарының (сызбасының) көшірмесін;

5) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жылжымайтын мүлкінің жоқ (бар) екендігі туралы анықтаманы беру түрінде жүзеге асырылады.

*Ескерту: 16-тармақ толықтырылды, өзгертілді, жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 143 , 2002 жылғы 23 тамыздағы N 125 , 2004 жылғы 19 наурыздағы N 69 , 2004 жылғы 17 мамырдағы N 136 , 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 256 , 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен.*

### **3. Ақпараттық қызмет көрсету түрлері**

1 7 . < \* >

*Ескерту: 17-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен.*

1 7 - 1 . < \* >

*Ескерту: 17-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен.*

18. Тіркеу органымен расталып, тіркеу ісінде жатқан құқық белгілеуші құжаттардың көшірмесі, құқық иесінің, құқық қорғау және сот органдарының сұрауы бойынша беріледі. Өзгеде жағдайлар кезінде аталған құжаттар мемлекеттік құпиялар емес болып танылады және құқық иесінің жазбаша келісімімен беріледі.

19. Құқық қорғау, сот органдарының уәждемелі сұраулары бойынша, атқарушы органдардың олардың құзыретіне сәйкес заңды және жеке тұлғалардың мүлкіне тіркелген құқықтарға (ауыртпалықтарға) қатысты сұраулары бойынша, сондай-ақ құқық иелерінің олардың мүлкіне тіркелген құқықтарға (ауыртпалықтарға) қатысты сұраулары бойынша тіркеуші орган өзге де ақпараттар бере алады.

*Ескерту: 19-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Әділет министрінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 69, 2004 жылғы 17 мамырдағы N 136 бұйрығымен.*

20. Ақпараттық қызметтер нысандарында қамтылған деректер берілген сәтінде жарамды болып табылады.

*Ескерту: 20-тармаққа толықтырылды, жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2001 жылғы 6 желтоқсандағы N 143, 2004 жылғы 19 наурыздағы N 69, 2004 жылғы 17 мамырдағы N 136 бұйрығымен.*

Қазақстан Республикасының  
Әділет аумақтық органдарымен  
Ақпараттық қызмет көрсету  
Қағидаларына

1 қосымша

*Ескерту: 1-қосымшамен толықтырылды, өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31, 2007 жылғы 15 наурыздағы N 86 бұйрықтарымен*

Жылжымайтын мүлікке құқықтары  
(ауыртпалықтары) және оның  
техникалық сипаттамалары туралы  
анықтамасының түрі

Мемлекеттік органның атауы

**Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар  
(ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамасы  
туралы анықтама**

N \_\_\_\_\_ 200\_\_ жылғы "\_\_\_"» \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы,

алушының жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, берген мекеме)

мынадай жылжымайтын мүлік объектілерін растау үшін берілді:

Жыл. жымай	Кад. астр	Ныса. налы	Орна ласқ	Жасау саны	Қаб. атты.	Тұрғын , пай.	Ескерту
---------------	--------------	---------------	--------------	---------------	---------------	------------------	---------

тын мүлік түрі	нө. мірі	мақ. саты (жос. пар бойынша литер)	ан жері		лығы, қабат	Жалпы алаңы	далы алаңы	Бөлінісі (ЗУ)	

1) құқық тіркелді:

Құқық түрі	Мазмұны	Құқық иеленуші	Жалпы меншік нысаны, үлесі	Құқықтың пайда болу негізі	Тіркелген күні, уақыты

2) құқық ауыртпалығы тіркелді:

Ауыртпалық түрі	Мазмұны	Құқық иеленуші немесе уәкілет. ті орган (мүдделі адам)	Жалпы меншік нысаны, үлесі	Ауыртпалықтың пайда болу негізі	Тіркелген күні, уақыты

Орындаушы

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)

Басшы

(қолы)

\_\_\_\_\_ (Тегі, аты, әкесінің аты)

М .

О .

Е с к е р т у :

Анықтамада қамтылған мәліметтер берілген сәтте жарамды болып табылады.

Қазақстан Республикасының  
Әділет аумақтық органдарымен  
Ақпараттық қызмет көрсету  
Қ а ғ и д а л а р ы н а

2 қосымша

*Ескерту: 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2007 жылғы 30 қаңтардағы N 31 бұйрығымен.*

Жылжымайтын мүлікке құқықтары  
(ауыртпалықтары) және оның  
техникалық сипаттамалары туралы  
анықтамасының түрі

Мемлекеттік органның атауы

**Жылжымайтын мүліктің жоқтығы**  
**(барлығы) туралы анықтама**

N \_\_\_\_\_ 200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, жеке басын куәландыратын  
құжаттың деректері, берген мекеме - жеке тұлға және оның өкілі үшін;

атауы, мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің тіркеу нөмірі -  
\_\_\_\_\_ берілді.

заңды тұлға үшін және оның өкілінің тегі, аты, әкесінің аты)

Оның атында \_\_\_\_\_

(жылжымайтын мүлкі болса

\_\_\_\_\_ елді мекенде

оның орналасқан жері )

(жылжымайтын мүліктің мақсатты тағайындалуы) жылжымайтын мүлікке  
меншік құқығы \_\_\_\_\_ тіркелген (тіркелген жоқ) .

\_\_\_\_\_ керек емесі сызылады

Орындаушы \_\_\_\_\_

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Бөлім бастығы \_\_\_\_\_

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

Басшы \_\_\_\_\_

(қолы)

(Тегі, аты, әкесінің аты)

М . О .

Е с к е р т у :

Анықтамада қамтылған мәліметтер берілген сәтте жарамды болып  
табылады.